

Үндістанның 67-Республика күнін тойлауына орай қабылдау
кезінде сөйлейтін сөзі, 28 қаңтар 2016 ж., Интерконтиненталь қонақ үйі,
Алматы қ.

Құрметті Рымтай Кәрібжанов мырза, Жоғары мәртебелілер, құрметті қонақтар, ханымдар мен мырзалар.

Барлықтарыңызды Алматы қаласында Үндістанның 67-Республика күнін тойлауымен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл тарихи күні 1950 жылы Үндістанның Конституциясы өз күшіне енді. Үндістанның Конституциясы әлемдегі ең ұзақ конституциялардың бірі.

Ол елді бағыттау мен басқарудың толық қамтылған және үнемі дамып отыратын құрылыммен қамтамасыз етеді.

Биылғы жылы Республика күні аса маңызды, себебі Үндістан Бхарат Ратна (Үндістан қазынасы), доктор Б.Р. Амбедкардың, Үндістан Конституциясының басты авторы, 125 -туған күнін атап өтуде.

Конституция жаңа Үндістанның құрылымдық көрінісін құрып өзінің барлық азаматтарына әділдік, бостандық, теңдік пен бауырластықты қамтамасыз ету үшін Үндістанды егеменді, социалистік, зайырлы, демократиялық Республика ретінде жария етті. Біз бұл құндылықтардың барлығына мақтан етеміз және олар болашақта бізге бағыт көрсетуін жалғастырады.

Соңғы 66 жылда Үндістан өз халқының экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін үлкен жетістіктерге қол жеткізді және жаһандық тәртіп, қауіпсіздік және өркендеуге өз үлесін қосты.

Біздің экономикалық дамуымыз тұрақты, бүгін Үндістан экономикалық өлшемде сатып алу қабілеттілігінің тепе-теңдігі бойынша үшінші орынды және атаулы ЖІӨ бойынша жетінші орынды иеленеді, біздің валютамыз тұрақты, біз ауылшарушылығынан бастап ғарыштық және ақпараттық технологиялар сияқты ғылымның әртүрлі салаларында қарқынды дамудамыз.

Соңғы жыл көптеген себептер бойынша Үндістан үшін есте қаларлық жыл болды. Премьер-Министр Модидың Үндістанды жаһандық өндірістік хаб ретінде дамытатын «Үндістанда жасаңыз» атты жаңа бастамасынан кейін мемлекет біршама «алғашқыларға» қол жеткізді.

Бірнеше мысал келтірейін: Қазіргі уақытта Үндістан әлемдегі ең тартымды инвестициялық бағыттардың ішінде бірінші орында; әлемдегі қарқынды өсіп жатқан экономиканың ішінде бірінші орында және 100 мемлекеттің ішінде даму, инновация және жетекшілік көрсеткіштері бойынша бірінші орында.

Үндістанның белгісі әлемдегі жетінші құнды белгілердің бірі болды. Дүниежүзілік Банкінің кәсіпкерлікті жүргізу жеңілдігі бойынша 12-орынға көтерілді және бәсекеге қабілеттілік рейтингі бойынша 16-орынды иеленді.

Басқа дамушы елдермен салыстырғанда 2015 жылы Үндістанның экономикасы тұрақты түрде 7,3 % өсті. Осы айда жарыққа шыққан Дүниежүзілік банкінің Жаһандық экономикалық болашағы жөніндегі есебі Үндістанның 2016 жылы 7,8 % және 2017 және 2018 жылдары 7,9%-ға өсетінін болжайды.

Муди агенттігінің рейтингі Үндістанның тәуелсіз рейтингінің болжамын «тұрақтыдан» «жағымдыға» ауыстырды. Қазіргі заманның жаһандық экономикалық күйзелісінде бұл шоқтығы биік жетістік.

«Start Up India», «Digital India», «Smart Cities» және «Skill India» сияқты инновациялық жобалардың бастауымен қоса әкімшілік реформалар мен рәсімдерді жеңілдету кәсіпкерлік жағдайды бұдан әрі жақсартады.

2015 жыл Үндістан мен Қазақстан арасында екі жақты қарым-қатынастар үшін ерекше маңызды. Үндістанның Премьер-Министрі Нарендра Моди мырза Қазақстанға шілде айында келді. Сапар екі елдің арасында стратегиялық әріптестікті дамытуға және екі жақты қарым-қатынасты нығайтуға септігін тигізді.

Премьер-Министрдің сапарының алдында жоғары деңгейдегі бірқатар оқиғалар өтті, оның ішінде Үкіметаралық комиссияның 12-отырысы, екі елдің Сыртқы істер министрлігі арасында 6-кеңес кезеңі, әскери-техникалық ынтымақтастық бойынша бірлескен жұмыс тобының 4-отырысы өтті.

Біз Қазақстанмен екі жақты ынтымақтастықтың бұдан әрі кеңеюіне және нығаюына үміттенеміз.

Алматы қаласы екі ел арасындағы сауда-экономикалық, туристік, мәдени, білім беру және қорғаныс салаларындағы қарым-қатынасты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Мен Алматы қаласының тұрғыны Ақмарал Қайназарова ханымның Қазақстанда Үнді классикалық биін ілгерілету арқылы екі ел халықтары арасындағы мәдениетаралық түсіністік пен достықты нығайту үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағымен марапатталғанын хабарлауға өте қуаныштымын. Біраз уақыттан кейін сіздер оның орындауындағы биді тамашалайсыздар. Қайназарова ханымды шын жүректен құттықтаймын.

Осымен өз сөзімді аяқтаймын.

Барлықтарыңызға бүгінгі Республика күнін атап өтуге қатысқандығыңыз үшін алғысымды білдіремін.

Барлық отандастарыма Республика күні құтты болсын.

Сонымен бірге біз 2016 жылға қадам бастық, осы мүмкіндікті пайдалана отырып сіздерге бақытты және табысты жыл тілеймін.

Барлық қазақстандықтарды биылғы жылғы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтаймын.

Біз сіздерге үнді тағамын ұсынуға тырыстық.

Бүгінгі кештің жақсы өтуіне үміттенемін.

Рахмет.